**«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» пәнінен**

*(оқыту қазақ тілінде)*

**бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар**

**10-сынып**

*(жаратылыстану-математика бағыты)*

Павлодар, 2020

Шығармашылық топ мүшелері:

1. З.С.Жанакова ҚБББ әдіскері
2. К.М.Камалиева №7 ЖОМ
3. Г.К.Сапина №2 ЖОМ
4. С.Б.Кибатова №35 ЖОМ
5. Ж.К.Турсункулова Б.Момышұлы ат.ЖОМ
6. Л.Б.Рахметова Кенжекөл ЖОМ
7. С.Б.Шанашова №30 ЖОМ
8. Ш.С.Мальшубаева Қ.Бекхожин ат.ЖОМ
9. З.Б.Адалбулова №25 ЖОМ
10. А.Ш.Мухаметжанова №25 ЖОМ
11. А.М.Асылбекова №21 ЖОМ

# ТҮСІНІК ХАТ

Бұл құрал оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10- сынып оқушыларына арналған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жіне тоқсандық жиынтық бағалауға арналған жинақ ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 10-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі» пәні мен «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Қазақ тілі» пәнімен «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

**Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

**МАЗМҰНЫ**


1. 1-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
2. 2-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
3. ***2-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***
4. 3-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
5. 4-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
6. ***4-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ТІЛІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***
7. 1-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
8. 1-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
9. ***1-ТОСҚАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***
10. 2-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
11. 2-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
12. ***2-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***
13. 3-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
14. 3-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
15. ***3-ТОСҚАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***
16. 4-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
17. 4-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
18. ***4-ТОҚСАН. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ***

## І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ
**Тақырыбы: Қазрігі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Оқу мақсаты:**
10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру;
10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
**Бағалау критерийі:**
- Көтерілген мәселенің негізгі идеясын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстыру;
- әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнерінде қолдану;

ойлау дағдыларының деңгейі:
**Тапсырма: мәтінді мұқият оқыңыз.**
***Елбасы: «Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды»***

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қлауға тиіс. Бұл туралы бүгін Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан «Болашаққа бағдар – ұлттық жаңғыру» атты мақаласында жазды.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда», - деді ол.

Кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын демократиялық қоғам жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейтіндігіне тоқталып өткен елбасы, жершілдік мәселесіне де назар аударып өтті. «Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек».

1. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, қоғамда қандай өзгерістер орын алатын еді? деген сұраққа «ЭСӘТ талдау» әдісі арқылы жауап беріңіз
   Э-экономикалық
   С-саяси
   Ә-әлеуметтік
   Т-технологиялық
2. Мәтіннің негізгі идеясын білдіретінтірек сөздерді сызба түрінде құрылымдап көрсетіңіз.
3. Елбасымыз өз Жолдауында «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережесені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деген Елбасының осы қағидасымен келісесіз бе? Ойыңызды жазбаша 3-4 сөйлеммен білдіріңіз.
4. «Өркениет өмірге келмес бұрын ең бірінші мәдениеттің баын жалмайды» (Хантингтон). Қалай ойлайсыз, өркениет өрге сүйреп барады ма, көрге ме?» деген сұраққа өз пікіріңізді білдіріңіз. Сөйлеу барысында интонацияның құрамдас бөліктері, әуен, әуез, тембр, қарқын кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

| Тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|
| **Білім алушы** *1.* | Көтерілген мәселенің негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады | 1 |
| | Экономикалық мәселені анықтайды | 1 |
| | Саяси мәселені анықтайды | 1 |
| | Әлеуметтік мәселені анықтайды | 1 |
| | Технологиялық мәселені анықтайды | 1 |
| 2. | Қажетті тіреуқ сөздерді анықтайды | 1 |
| | Негізгі ойды көрсетеді | 1 |
| 3. | Пікірге қатысты өз ойын білдіреді | 1 |
| 4 | интонацияның құрамдас бөліктері, әуен, әуез, тембр, қарқын кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады, | 1 |
| | сұраққа жауап береді. | 1 |
| **Барлығы** | | **10** |

# 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

## «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты**:

10.1.2.1 Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау

10.4.3.1 Белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу

**Бағалау критерийі :** Білім алушы

- Мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға қатысты терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды ажыратады
- Сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданады

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты:** 15-20 минут

**Тапсырма . Мәтінді мұқият тыңдаңыз.**

Түрксіб темір жолының салынуы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ең ірі құрылыстардың бірі болды. XX ғасырдың 30 жылдары Қазақстан ғылымының және экономикасының өте қарқынды дамыған уақыты деп айтсақ болады. Сондықтан орасан зор аумақты алып жатқан және қатынас жолдар торабы нашар дамыған Қазақстан үшін көлік қатынастарын дамыту мәселесі айрықша маңызды еді. Республиканың түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі салаларын құру мәселесі (Қарағанды көмір алабының, Балқаштағы мыс қорыту зауытының, Шымкенттегі қорғасын зауытының, Риддердегі мырыш зауытының және басқа да ірі кәсіпорындар құрылысы мен оларды дамыту, мұнайлы Батыс аудандарды игеру) көлік қатынастарына айтарлықтай тәуелді болды. Егер көлік қатынасы Кеңес Одағында шешуші мәнге ие болып отырған болса, онда негізінен алғанда аралық көлік жолы ретіндегі Ташкент теміржолынан өзге, Түрксібке дейін ештеңе болмаған Қазақстан жағдайында, теміржол құрылысының маңызы айрықша зор болмақ, өйткені ол Одақтың орталық аудандарын Қазақстанның жаңа, мүлде аяқ баспаған, тұмса, бірақ сонымен бірге бай аудандарымен байланыстырды. Түркістан-Сібір теміржолы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы аумағындағы аса ірі құрылыс санатына енді. БК(б)П ОК 1926 жылы 25 қарашада қабылданған қаулысында «Сібір мен Орта Азияны және Днепрдегі электр стансасын жалғастыратын Жетісу теміржолының құрылысы бүкілодақтық мәні бар барлық жұмыстардың ішіндегі кезек күттірмейтініне жатқызылды.

Түркісіб темір жолының үлкен маңызы Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында болды. Соғыс жылдарында Қазақстан майданның қуатты

арсеналына айналды. Соғыс еліміздің бүкіл теміржолдарының, соның ішінде Түркістан – Сібір магистралінің алдына әскери жүктердің үздіксіз тасымалдарын, майданға әскери эшелондарды, әскери техниканы, ал қорғаныс өнеркәсібі үшін көмір, металл және басқа да маңызды жүктерді уақытында жеткізуді ұйымдастыру бойынша жауапты міндет қойды. 1941 жылдың 24 маусымында 18 сағатта ҚЖХК еліміздің, соның ішінде Қазақстанның теміржолдарындағы пойыздар қозғалысын айрықша әскери жұмыс кестесіне ауыстырды. Онда бірінші кезекте әскери эшелондармен, әсіресе, мобилизациялық іс шараларымен байланысты жүктердің өте жылдам қозғалысы қарастырылды. Жолаушы пойыздарының, сол сияқты қорғаныстық мәні жоқ тасымалдардың қозғалысы едәуір қысқарды. Қозғалысты ұйымдастыруда айтарлықтай құрылымдық өзгерістер болды, шикізат жүктерінің тасымалдары қысқартылды, жартылай фабрикаттарды, дайын өнімдерді тасымалдау артты, қару-жарақтар, рудалық қоспалар, вольфрам, молибден, ауыл шаруашылық машиналарын, газогенераторларды және басқаларды тасымалдау ұлғайды. Соғыстың алғашқы жылдарында Түрксіб арқылы адамдар мен материалдық ресурстарды үсті-үстіне жөнелту, Қазақстанға көшірілген кәсіпорындар мен адамдарды түсіру кезінде қиындықтар болды, тасымалдар мен вагондарға деген сұраныс нормадағыдан үш есе асып түсті. ҚЖХК мен әскери командованиенің қорғаныстық және халық шаруашылық жүктерінің тасымалдары бойынша тапсырмалар бұлжытпай уақытында орындалды. Бұл оңайға түскен жоқ, дегенмен түрксібшілер барлық қиындықтарды жеңудің жолдарын тауып отырды. Қазақстанның теміржолшылары орасан зор тасымалдар көлемін орындады. Елімізге бірнеше айлардың ішінде елдің орталығынан 220 өнеркәсіптік кәсіпорындар және 550 мың адам көшірілді. Көмір жөнелту екі есе, қара металдарды жөнелту екі еседен астам, мұнай өнімдері мен рудаларды жөнелту 4 еседен астам өсті. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы қазақстандық қорғасыннан құйылып жасалған еді. Осының бәрінде де Түрксіб пен оның адамдары жетекші рөл атқарды

***1. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдар, тілдік оралымдарды қай салаға қатысты екенін анықтап, теріп жазыңыз.***

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

***Мәтінге кесте бойынша талдау жасаңыз.***

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Тақырыбы | |
| 2 | Мақсатты аудиториыға сәйкес қызметі | |
| 3 | Тілдік ерекшелігі | |
| 4 | Стилі | |

Берілген термин сөздерді қатыстыра отырып, тақырыпқа сай сөйлем құраңыз. Цифрлық технология, онлайн режимі, экономика

________________________________________________________________

________________________________________________________________

________________________________________________________________

________________________________________________________________

________________________________________________________________

| Бағалау критерийі | тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға қатысты терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды ажыратады | №1 | Негізгі ойды анықтайды | 1 |
| | | Проблемалық сұрақ құрастыра алады | 1 |
| | | Сөздерге анықтама бере алады. | 4 |
| Сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданады | №2 | Тақырыпты ашады | 1 |
| | | Терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды түрлендіріп қолданады. | 1 |
| | | Құрылымын сақтайды | 1 |
| | | Жүйелі жазады | 1 |
| **Барлығы** | | | **10** |

## 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

**Жиынтық бағалауға шолу**

Ұзақтығы: 40 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 25 минут

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі

Балл саны: 30

Тапсырмалар түрлері

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 компоненттен тұрады: Біріншісі – тыңдалым, айтылым және әдеби тіл нормаларын, екіншісі – оқылым және әдеби тіл нормаларын, үшіншісі – жазылым және әдеби тіл нормаларын тексеруге арналған.

# II ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
## «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» бөлімі

**Тыңдалым және айтылым**

***Тапсырма***

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтінде көтерілген мәселеге байланысты автордың негізгі ойын, мәтін арқылы оқырманға не айтқысы келгенін анықтап, сұрақтар құрастырыңыз, өз пікіріңізбен баға беріңіз.
2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

**1-мәтін**

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Жаңа индустрияландыру: қазақстандық барыстың қадамы" ұлттық телекөпірі барысында жоғары технологиялық бірқатар жаңа өндіріс ошағын іске қосады» деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.

Ұлттық телекөпір барысында бүкіл ел бойынша онлайн режимінде жаңа индустриалды-инновациялық, инфрақұрылымдық, энергетикалық, агроөнеркәсіптік жобалар іске қосылатын болады. Атап айтқанда, "Қазақалтын Технолоджи" компаниясы Ақсу ауылында алтын өндіру фабрикасын іске қосады. Ақтөбе облысында машина жасау және металл өңдеу секторында мұнай-газ жабдықтарын өндіру және құбырлар шығарумен айналысатын "Қазақстан мұнай жабдықтары зауыты" ЖШС зауыты ашылды. Ал Атырау облысында ("Жігермұнайсервис" ЖШС) роботты дәнекерлеу әдісімен металл құрастырмалары өндірісі іске қосылмақ. Тамақ өнеркәсібінде және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуде Солтүстік Қазақстан облысындағы "Маслодел" ЖШС, "Тетра Пак" ЖШС жоғары технологиялық қондырғылармен жабдықталған сүт зауытын ашады. Шығыс Қазақстан облысында "Восток-Молоко" ЖШС жоғары технологиялық жабдықтары орнатылған сүт кешенін модернизациялаған. Бұдан бөлек, Батыс Қазақстан облысында жаңа құс фабрикасы іске қосылады.

Сондай-ақ телекөпір барысында Жамбыл облысында "Оргстрой" кәсіпорны гранит, мәрмәр және гипс өндіру, жарылғыш құрылғыларды өндірудің жаңа технологиясын өңдеу бойынша өндіріс ашуды жоспарлап отыр. Алматы облысында "Psi Stroy Industriya" ЖШС металл конструкцияларын шығаратын зауытты, Коринская ГЭС баламалы энергетикалық жобаны іске қоспақ. Ал Қарағанды облысында ескі көліктерді қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорын жұмыс істей бастады. Кәсіпорын жылына тозығы жеткен автокөліктердің 50 мыңын қайта өңдеуге қауқарлы.

Бұған қоса, телекөпір барысында Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту және Еуразия құрлығындағы логистикалық торапты құру жобасын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысы бірнеше нысандардың іске қосылатынын ата өтті.

**2-мәтін**

Жалпы Ұлттық Өнім (ЖҰӨ) – макроэкономикалық жиынтық көрсеткіш. Бір адамға шаққанда нақты ЖҰӨ-нің өсімі халықтың тұрмыс деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады. ЖҰӨ бір елдің нарықтық баға бойынша есептелген, жыл бойы шығарған дайын өнімін құрайды. Басқа елдерде көптен бері кең қолданылып келе жатқанымен, отандық тәжірибеге 1988 жылдан енгізілген. Бір адамға шаққанда нақты ЖҰӨ-нің өсімі халықтың тұрмыс деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады. ЖҰӨ бір елдің нарықтық баға бойынша есептелген, жыл бойы шығарған, дайын өнімін құрайды. Оған сол елде және сол елдің иелігіне жататын, шет елдерде шығарылған өнім құны да кіреді. ЖҰӨ-нің жалпы ұлттық табыстан айырмашылығы — оған өндірістік және өндірістік емес негізгі қорлардың амортизациясы және өндірістік емес жүйелер мен сыртқы экономикасы қызметтен түсетін табыстар да қосылады.

Сонымен қатар ЖҰӨ-ді есептеудің бірнеше әдістері қалыптасқан, соның ішінде, Қазақстандағы жалпы ұлттық өнім және оны есептеу әдістері де ерекше. Көптеген тауарлар және қызмет түрлері ЖҰӨ-де нарықтағы бағаларымен есептелінеді, ал кейбір тауарлар мен көрсетілген қызмет түрлері нарықта сипатталмайды, сол себепті нарықтық бағасы жоқ. Дегенмен, осы көрсетілген кызмет құны ЖҰӨ- ге енгізілуі керек, сол үшін біз оларды өлшеуіміз керек. Осындай бағалар шартты түрде есептелінген құн атауына ие болады. Мысалға, тұрғындарға әкімшілік, полиция және өрт сөндірушілер қызмет көрсетеді. Осы көрсетілген қызмет құнын бағалау қиын, себебі олар сатылмайды және нарық бағасын иемденбейді. ЖҰӨ құрамында осы мемлекеттік жұмысшылар өнімінің құнының көрсеткіші олардың жалақысы болып табылады.

**Оқылым**

***Тапсырма***

1. Графиктік мәтіндермен танысып, 3 жауабы берілген тест тапсырмасын құрастырыңыз.

[10]







1.______________________________________________________________

А______________________________________________________________

Ә______________________________________________________________

Б______________________________________________________________

2.______________________________________________________________

А______________________________________________________________

Ә______________________________________________________________

Б______________________________________________________________

3.______________________________________________________________

А______________________________________________________________

Ә______________________________________________________________

Б______________________________________________________________

______________________________________________________________

[3]

2. Графикалық мәтіннен мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдап 3 сөйлем құрастырыңыз.

[3]

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

3. Индустрияландырудың үлескері ретінде қай сала мамандығын таңдар едіңіз, «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында ойыңызды жазыңыз.

[3]

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

**Жазылым**

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Жазылым жұмысында абзац бен бөліктерге бөлуді, ойыңызды логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізуді, жазылымға сай стильді ұстануды ескеріңіз. Сонымен қатар ұсынылған тақырып аясындағы сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңыз.

[10]

1. Қазақстандағы жалпы ішкі өнім жыл санап өсіп келе жатқандығын дәлелдеп аргументтік эссе жазыңыз.
2. «Ұлттық өндірістің әлеуметтік жағдайға әсері» тақырыбында шағын мақала жазыңыз.

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

**Балл қою кестесі**

**Тыңдалым және айтылым**

| № | Балл | Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы | Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті |
|---|---|---|---|
| 1 | 10-9 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді. | Тақырыпты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады. |
| 2 | 8-7 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді. | Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді. |
| | 6-5 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды. | Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді. |
| | 3-4 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады | Тақырыпты түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды. |
| | 1-2 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі. | Тақырыпты түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады |

**Оқылым**

| Бағалау критерийі | тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Әртүрлі графиктік мәтіндердегі мәліметтер бойынша негізгі үрдістерді анықтайды | №1 | Тақырыпқа сай тест сұрағын құрастыра алады | 3 |
| Графикалық мәтіннен мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдап сөйлем құрастырыңыз | №2 | Терминдерді анықтайды | 1 |
| | | Ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды | 1 |
| | | Сөйлем құрастыра алады | 1 |
| Индустрияландырудың үлескері ретінде таңдаған мамандығы бойынша ойын жаза алады | №3 | Өз ойын еркін,тиянақты, дәлелмен жеткізе алады. | 4 |
| **Барлығы** | | | **10** |

**Жазылым**

| № | Балл | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| | 10-9 | Ойын логикалық түрде жүйелі жеткізген. Стильге сай сөздер мен тілдік құрылымдарды орынды қолданады. Тақырыпты ашуда сөз оралымдарын күрделендіре, әсерлі жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді. |
| | 8-7 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды. |
| | 6-5 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады. |
| | 3-4 | Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама – қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді.<br>Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді. |
| | 1-2 | Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді |

## ІІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**«Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Тілдік жүйе және норма» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Оқу мақсаты:**

10.1.2.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтау отырып, дұрыс сөйлеу

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу

әдебін сақтай отырып сөйлейді.

**Ойлау дағдыларының деңгейі** *Қолдану*

**Орындау уақыты** 15-20

**Тапсырма**
Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

**Ғаламдық мәселелер**

ХХ ғасырдың соңғы он жылы дүние жүзі халықтары алдына көптеген шиеленіскен және күрделі проблемаларды қойды. Олар ғаламдық проблемалар деген атқа ие болды.

Ғаламдық проблемалар дегеніміз – бүкіл адамзатқа қатысты проблемалар. Олар дүниежүзілік қоғамдастық елдердің арасындағы қарым қатынастарды, қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды, ресурстармен қамтамасыз етуді бірлесіп шешу мәселелерін қамтиды. Ғаламдық сұрақтар мен ғаламдық жауаптардың болуын, оларды шешу үшін кең көлемді халықаралық ынтымақтастық болуын қамтамасыз етеді. Ғаламдық проблемалар өзінің бір бірімен әрекеттесуінде өзінше мынандай үшбұрыш құрайды: халықтық әлеуметтік және экономикалық дамуы, айналадағы ортаға ықпалы.

Ғаламдық проблемалардың түрлері: қарусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы, экологиялық, демографиялық, энергетика және шикізат, азық- түлік проблемасы, дүниежүзілік мұхит, ғарышты бейбіт мақсатта игеру проблемасы.

**Қарусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы.** Соғыс барлық тарихи дәуірлерде қоғамның дамуына әсерін тигізіп отыр. Бірақ бұрын ешқашан тұтас елдер мен континеттерді жойып жіберудің нақты мүмкіндігі болған емес. Жанталаса қарулану жыл сайын адамзаттың 1 доллар қаражатын жұтады. Бұл Жапония сияқты бір елдің ұлттық кірісімен шамалас. Дүние жүзі мемлекеттерінің әскерінде өндіргіш еңбектен қол үзіп 26 млн адам сапта жүр. Бұл ГФР секілді елдің экономикалық тұрғыдан белсенді делінетін бүкіл халқындай. 1988 жылы АҚШ пен КСРО арасында әрекет радиусы орташа және кіші ракеталарды жою туралы шартқа қол қойылды. 1993 жылы Ресей мен АҚШ стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы келісімге қол қойылды. Кейбір аймақтық жанжалдар

бітістіріліп, ядросыз аймақтар құру басталды. Шешу жолдары: бейбітшілік саясатын жүргізу, халықаралық қатынастарды реттеу, қару жараққа түсетін қаржы мөлшерінің төмендеуі тиіс.

**Экологиялық проблема.** Экологиялық проблема дегеніміз – қоғам мен табиғаттың қарым қатынасының айналадағы ортаны сақтаудың проблемасы. XX ғасырдың екінші жартысында айналадағы ортаға түсетін салмақ ерекше күрт өсті. Қоғам мен табиғат арасындағы қарым қатынаста сапалық өзгеріс байқалады. Бұл халық санағының күрт өсуімен түсіндіріледі. Планетаның интенсивті түрде индустриялануы мен урбандалуы нәтижесінде шаруашылық салмақ жер- жердің бәріне экологиялық жүйелердің өздігінен тазару және қалпына келу қабілетінен асып түсе бастады. Ормандардың құртылуы қатерлі шекке жетті. Жыл сайын 11 млн тропиктік орман ғайып болды. Шөлге айналу процесі жүріп жатыр. Соңғы жылдары стратосфераның озон қабатының бұзылу қаупі анықталды. Бұл әсіресе Антарктида үстінде анық байқалып отыр. Шешу жолдары: қалдықсыз технологияны қолдану, дамушы елдерде энергетика проблемасын шешу, ормандар салу, қорықша және қорықтар сияқты территориялардың салынуын ұйымдастыру.

**Дүниежүзілік мұхит проблемалары.** Соңғы жылдарда Дүниежүзілік мұхиттың пайдаланылуы күрт күшейді. Теңіз саудасының көлемі сан есе ұлғайып, флоттың тоннажы едәуір көбейді. ГФР кемелерінің әсіресе танкілерінің көлемі мен сыйымдылығын қауырт өзгертті. олардың жүк көтерімділігі 200-300 мың тоннадан асып түсті. Жағалауға түсетін реакциялық салмақ арта бастады. Интенсивті шаруашылық әсерінен мұхит ластанады. Мұнай таситын кемелер апатқа ұшырағанда, Дүниежүзілік мұхиттағы экологиялық жағдайға ерекше зиянын тигізеді.Сондақтан бұл мұхит проблемаларын тек адамзаттың іс әрекеті шеше алады.

1. Сіз Астана қаласында өткен «WSEC – 2017» инженерлер мен ғалымдардың дүниежүзілік конгресіне қатыстыңыз. Бұл халықаралық шара барысында XXI ғасырдың жаһандық мәселелері, оның ішінде бейбітшілікті сақтау, экология, табиғи ресурстардың таусылуы т.б. мәселелер талқыланды. Осы жиында көпшілік алдында «Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары» деген тақырыпта сөз сөйлеңіз. Төменде берілген ғаламдық мәселелердің бірін таңдап алып, оны шешу жолдарын ұсыныңыз.

- Қарусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы
- Экология
- Демография
- Энергетика және шикізат
- Азық- түлік проблемасы
- Дүниежүзілік мұхит
- Ғарышты бейбіт мақсатта игеру

| Бағалау критерийі | тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып сөйлейді | 1 | тақырыпты ашады; | 1 |
| | | бір ғаламдық мәселеге толық тоқталады; | 1 |
| | | мәселенің шешу жолдарын ұсынады; | 1 |
| | | тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды қолданады; | 1 |
| | | көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды; | 1 |
| | | аудиториямен байланыс орнатады; | 1 |
| | | әдеби тіл нормаларын сақтайды; | 1 |
| **Барлығы** | | | **7** |

## 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### Жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы:** 40 минут
Оқылым – 15 минут
Жазылым – 25 минут
Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі
**Балл саны:** 30

**Тапсырмалар түрлері**
Көп таңдауы бар сұрақтар
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 компоненттен тұрады: Біріншісі – тыңдалым, айтылым және әдеби тіл нормаларын, екіншісі – оқылым және әдеби тіл нормаларын, үшіншісі – жазылым және әдеби тіл нормаларын тексеруге арналған.

# 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
## «Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма» бөлімі

### Тыңдалым және айтылым

**Тапсырма**

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтіндегі ақпараттарға мұқият мән беру арқылы түртіп алып, мазмұндауда қолданыңыз, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеңіз. Өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелдеңіз.
2. Өз жұбыңды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз. [10]

**1-мәтін**

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша architectura, ал грекше architekton, яғни құрылысшы деген мағынаны білдіреді. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Су айдынында, қағылған қазықтың үстіне тұрғызылған үйлер де болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгирлер мен дольмендер пайда болды. Менгирлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады. Дольмен – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес.

Ал шеңбер жасап, төбелері жабылған тас құрылыстарды кромлех дейді. Ніл, Евфрат, Тигр, Үнді, Ганга, Чанзен өзендерінің сағаларында көне заманда Мысыр, Месопотамия, Үндістан және Қытай сияқты ірі мемлекеттер пайда болып, ғаламат сәулет туындылары дүниеге келді. Мардук атты құдайға арналған Вавилон мұнарасы іргетасы 250 м биік тұғырға орнатылды. Анығында бұл жеті қабатты, ұшар басына қарай баспалдақтап жіңішкере беретін зиккурат еді. Месопотамияда ежелгі заманның өзінде-ақ біздің заманымыздан бұрынғы 5000 – 1800 ж. каналдар, су қоймалары, акведуктар, көпірлер мен бекіністер салынды. Тигр мен Евфратты қосқан ұзындығы 400 км каналды техникалық зор жетістік деп айтуға болды. Біздің заманымыздан бұрынғы 2700 – 2200 ж. салынған Мысыр пирамидалары мен ғибадатханалары зерттеушілер мен мамандарды әлі күнге дейін таңдандырып келеді. Месопотамияда ғимараттар балшықтан, күйдірілген кірпішпен салынып, сырты қапталып отырса, Мысырда олар сом тастан қаланды. Біздің заманымыздан бұрынғы 2200 – 1500 ж. Фивы қаласы астана болған тұста, жартасқа жартылай үңгіп салынған ғимараттар пайда болды. Жаңа патшалық (біздің заманымыздан бұрынғы 1500 – 1100)

кезінде Карнак пен Луксордағы ғибадатхана кешендері салынды. Мысырдағы ең үлкен Карнак ғибадатханасы перғауын Сети I тұсында тұрғызылған.

**2-мәтін**

Сәулет – ұлттық мәдениет жайлы сөзсіз сөйлеп, тілсіз баяндап бере алатын асыл қазына. Ал көшпенділер мәдениеті турасында ғасырдан ғасырға сыр шертіп келетін бірегей құрылыс – киіз үй. Көшпенділер панасы өз бастауын біздің заманымызға дейінгі XII ғасырдан алады. Шеңбер күмбезді қазақ киіз үйінің соңғы сипаты XIX ғасырдың басында толық қалыптасқан. Жылыстап жылдар өтсе де, қазақ тұрмысы танымастай өзгерсе де, киіз үй қазақстандық шаруа өмірінің таптырмас бөлігі, бұлжымас қажеттілігі болып қалыптасқан. Неге десеңіз, киіз үй - дала жағдайыдағы ең қолжетімді, оңай тасымалданып, жылдам құрылып-жиылатын, ызғарлы жел мен нөсерлі жауыннан қорғай алатын жалғыз баспана. Бар артықшылығына лайықтап, «Көшпенділер сәулетінің жауһары» деп аталған киіз үйдің құпиясы да осы көпқызметтілігінде болар.

Қазақстан астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының сән-салтанаты жылдан жылға артып, аса жылдам қарқынмен дамуда. Елорда келбеті «Бәйтерек», «Солтүстік шұғыла» және сырт көрінісі оттыққа ұқсайтын «Transport Tower» ғимаратымен шектелмек емес. Бүгінде ұшқыр қиялдың жемісі болған бірқатар дәулетті құрылыстар әсем астананың тартымдылығын еселеп тұр. Соның бірі – Хан Шатыр.

«Шатыр атаулының Ханы» әлемдегі ең биік шатыр ретінде Гиннес рекордтар кітабына енгізілген. Оған қоса Хан Шатыр - Орталық Азиядағы ең ірі сауда және ойын-сауық орталықтарының бірі, әрі «Forbes» журналы пікірінше әлемдегі үздік экоғимараттардың ондығына кіреді.

Биіктігі 150 метрге жететін шатыр инновациялық материалдардан жасалған. Соның нәтижесінде ғимаратқа тән жайлы микроклимат қалыптасып, «мәңгілік жаз» орныққан.

Хан Шатыр – жас астананың көп қырлы келбетінде айқын бедерленген заманауи сәулет өнерінің озық үлгісі.

## Оқылым

**Тапсырма**

Мәтінді оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамнын өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болумен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс қоленерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қазіргі кезге дейін сақталған архитектуралық құрылыстар саны көп емес және мұсылмандық орта ғасырлар дәуірімен шектелген. Сондықтан сәулет енері тарихының жалпы проблемаларын шешу, архитектуралық-көркемдік бейне эволюциясын ашып көрсету, сәулет өнері дамуының зандылыктарын зерттеу көбінесе сәулет енері ескерткіштерін археологиялық зертгеуге байланысты.

Сәулет өнері археологиялық қазба жұмыстарында табылған ескерткішерде, тіпті тас дәуірі ескерткіштерінің өзінен-ақ ұшырасып, одан кейінгі кезендерде барған сайын ұлғая береді. Ол адамның материалдық және рухани мәдениет сапаларын біріктіретін жасампаздық қызметінің ерекше түрі — «пайданың, беріктік пен әсемдіктің» ұштастырылуы болып табылады.

Сәулет өнері адамдардың өмірімен мен қызыметіне қажетті, материалдық тұрғыдан ұйымдасқан орта құрайтын үйлер мен құрлыстар, сондай - ақ кешендер, қоғамның эстетикалық көзқарасына сәйкес құрылыстар, сәулет өнері мәдениет саласын құрайды. Қай елге, қалаға барсақ та, біз ғажайып әдемі сұлулығымен көз тартатын ғимараттар, сарайлар, мешіттер, тұрғын үйлер, өнеркәсіптік кешендер көріп жүрміз. Бірақ осы өнер түрі қалай аталатынын біле бермейміз. Бұндай сұлулық сырын бойына сіңірген өнер туындысын -«сәулет өнері» немесе «архитектура» дейді, грек тілінен аударғанда «аға құрылысшы» деген мағына береді. Архитектура деген тек ғимараттар мен құрылыс салу емес, сонымен бірге адам баласының өмір сүру тіршілігіне қажет кеңістік пен ортаны тиімді, пайдалы етіп ұйымдастыру.

1. Мәтіннің құрылымына сәйкес қатарды табыңыз
   А) Мәтінде 4 абзац, 1-абзац – кіріспе; 2,3-абзац – негізгі; 4-абзац – қорытынды
   В) Мәтінде 4 абзац, кіріспе бөлімі жоқ; 1,2,3-абзац – негізгі; 4-абзац – қорытынды
   С) Мәтінде 4 абзац, 1-абзац – кіріспе; 2,3,4 –абзац – негізгі; қорытынды бөлімі жоқ
   Д) Мәтінде 4 абзац, 1,2-абзац – кіріспе; 3,4- абзац – негізгі; қорытынды бөлімі жоқ

2. Грек тілінен аударғанда, «архитектура» деген сөз қандай мағына береді?
   А) «құрылысшы»
   В) «сәулет өнері»
   С) « ғимарат»
   Д) «аға құрылысшы»

3. Мәтіннің жанрын анықтаңыз. Өз ойыңызды дәйектемелер келтіріп дәлелдеңіз.

_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
___________________________________________________

4. Мәтіндегі 2стильдік және 1 тілдік ерекшелігін анықтаңыз.

| Стильдік 2 ерекшелігі | Тілдік ерекшелігіне 1 мысал |
|---|---|
| 1.<br>2. | 1. |

5. Мәтін жайлы пікір жазыңыз. 5-6-сөйлем

_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________

**Жазылым**

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, мақала жазыңыз. Жазылым жұмысында ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды пайдаланып, тыныс белгілерді қатесіз қолдануды ескеріңіз. [10]

1. «Қазақстанның Ежелгі кездегі және қазіргі замандағы сәулет өнері» тақырыбында мақала жазыңыз.
2. «Қазақстандық сәулет өнерінің кереметтері» тақырыбында мақала жазыңыз.

# Балл қою кестесі

## Тыңдалым және айтылым

| № | Балл | Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы | Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті |
|---|---|---|---|
| 1 | 9-10 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді. | Тақырыпты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады. |
| 2 | 7-8 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді. | Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді. |
| | 5-6 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды. | Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді. |
| | 3-4 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады | Тақырыпты түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды |
| | 1-2 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі. | Тақырыпты түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады. |
| | | | |

**Оқылым**

| № | Жауап | Балл |
|---|---|---|
| 1 | С | 1 |
| 2 | Д | 1 |
| 3 | Мақала, ғылыми стильде жазылған | 2 |
| 4 | *Ықтимал жауап*<br>Көлемі шағын, ғылыми мақала<br>Архитектура, құрылыс техника | 3 |
| 5 | Оқушы жауабы бағаланады | 3 |
| **Барлығы** | | **10** |

**Жазылым**

| № | Балл | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| **1** | 9-10 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді. |
| | 7-8 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды. |
| | 5-6 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің үйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады. |
| | 3-4 | Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама–қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің үйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді. |
| | 1-2 | Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің үйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді. |

## І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты:**

10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру

10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау;

**Бағалау критерийі:**

- ұлттық құндылықтарды контекстермен байланыстырады;
- шығармадан автор бейнесін анықтайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** жоғарғы деңгей

**Тапсырма.**

1. **Абай Құнанбаев «Сегізаяқ» өлеңі арқылы өмір шындығын ашық сынай отырып, қандай ғибрат, өсиет сөздер айтады? Бүгінгі күнгі өмір шындығымен салыстыра отырып, өз бағаларыңды беріңдер**

| ***Мәселе*** | ***Мәселені шешу жолы немесе ақынның ақыл-өсиеті*** | ***Мәселенің бүгінгі күнгі көрінісі*** | ***Өзіндік баға*** |
|---|---|---|---|
| | | | |

2. **«Абай дәуіріндегі қазақтың рухани ахуалы» тақырыбында өлеңдеріндегі автор бейнесін көрсетіп (150 сөз) эссе жазу.**
3. 

| **Бағалау критерийлері** | **Дескриптор** | **балл** |
|---|---|---|
| | | |
| Көркем шығармада көрсетілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға береді | Көтерілген мәселені анықтайды | 1 |
| | Мәселенің шешу жолдарын көрсетеді | 1 |
| | Бүгінгі күндегі көрінісіне талдау жасайды | 1 |
| | Мәселеге қатысты өзіндік бағасын береді | 1 |
| Көркем шығармада көрсетілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс эссе жазады | Өлеңдерден Абай бейнесін анықтайды | 1 |
| | Тақырыпты жан-жақты қарастырады | 1 |
| | Өлеңнен мысал келтіріп дәлелдейді | 1 |
| | Эссенің құрылымын сақтайды | 1 |
| **Барлығы** | | **8** |

# І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**«Қалың елім, қазағым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Оқу мақсаты**

10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру

10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау

**Бағалау критерийі**

Білім алушы

- Ұлттық құндылықтарды контекстермен байланыстырады
- Шығарма оқиғасындағы автор бейнесін анықтайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

***Жоғары деңгей дағдылары***

Орындау уақыты 20 минут

**Тапсырма**

***1. А.Құнанбаевтың «Масғұт» поэмасындағы Масғұт бейнесі арқылы дәріптелетін құндылықты анықтап, шығармадан мысал келтіріңіз.***

| № | Дәріптелетін құндылық | Шығармадан мысал |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 2 | | |

***2. Масғұт образы арқылы дәріптелген құндылықтың қазіргі қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін өмірден мысал келтіріңіз.***

_______________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

3. **Берілген үзіндідегі автордың көңіл күйін анықтаңыз, пікіріңізді жазыңыз.**

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Шығармадағы құндылықтарды анықтап, маңыздылығын контекстермен байланыстырады | 1-2 | кейіпкер бейнесі арқылы дәріптелген құндылықты анықтайды | 2 |
| | | шығармадан 2 мысал келтіреді; | 2 |
| | | құндылықтың маңыздылығын түсіндіреді; | 1 |
| | | өмірден мысал келтіреді; | 1 |
| | | өлең жолдарынан автор бейнесін анықтайды; | 1 |
| Шығармадағы автор бейнесін анықтайды | 3 | көңіл күйі сипатталған жолдарды анықтайды; | 1 |
| | | өзіндік тұжырым жасайды. | 1 |
| **Барлығы** | | | **9** |

# 1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

## Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы – 40 минут**

Түсіну және жауап беру – 10 минут Анализ және интерпретация – 10 минут Бағалау және салыстыру – 20 минут

**Балл саны – 30**

**Тапсырмалар түрлері:**

Таңдауды қажет ететін сұрақтар
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі – бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

**I ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

**1-БӨЛІМ**

1. «Сегіз аяқ» өлеңі неліктен осылай аталады?
   A) сегіз шумақтан тұрады
   B) сегіз тармақтан тұрады
   C) сегіз буыннан ұрады
   D) сегіз нәрсе сөз болады

[1]

2. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде ақынның көңіл күйін анықтаңыз
   A) Елі үшін қуанған
   B) Елі үшін қам жеген
   C) Оқуға қызыққан
   D) Көңілі жайбарақат

[1]

3. «...Төртінші – білім-ғылымды көйбейтуге екі қару бар адамның ішінде...» - Абайдың айтқан екі қаруы не?
   A) Хисрлану, ғурурлық
   B) Мұлахаза, мұхафаза
   C) Зинһар, дәулет
   D)Ғибрат, хақиқат

[1]

4. «Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды» деген кімнің сөзі екенін анықтаңыз.
   A) Қайрат
   B) Ақыл
   C) Білім
   D) Жүрек

[1]

2. 32-қарасөзіндегі көтерілген мәселелердің ішіндегі <u>сәйкес </u> (айтылған) ақпаратты анықтаңыз.
   A) Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы, не залалды болса, білетұғын – мен.
   B) Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім.
   C) Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды.
   D)Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.

[1]

## 2-БӨЛІМ

3. «Қалың елім, қазағым қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бір май боп енді екі ұртың»,- дейді ұлы Абай атамыз. Өлең жолдарындағы көтерілген мәселеге сәйкес ойыңызды шығармашылықпен (ой толғау,өлең т.б.) жеткізіңіз.

___

___

[5]

4. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлең жолдарында қасқыр бейнесі нені аңғартады? Ақын нені тұспалдап тұр. Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Лай суға май бітпес қой
өткенге, Күлеміз қасқыр жалап,
дәметкенге. Сол қасқырша
алақтап түк таппадым, Көңілдің
жайлауынан ел кеткен бе?

___

___

[5]

8.Отыз екінші қарасөзінде көтерілген тақырып төңірегінде өз пікіріңізді білдіріңіз.

___

___

[5]

## 3-БӨЛІМ

9. Масғұттың поэмасының тақырыбы мен идеясын анықтап, әдеби эссе жазыңыз.

___

___

10]

## Балл қою кестесі

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпараттар |
|---|---|---|---|
| 1 | B | 1 | 5 |
| 2 | B | 1 | |
| 3 | B | 1 | |
| 4 | B | 1 | |
| 5 | D | 1 | |
| 6 | Үзіндінің мағынасын ашады; | 2 | 15 |
| | Ойын шығармашылықпен жеткізеді; | 2 | |
| | Өзіндік тұжырым жасайды. | 1 | |
| 7 | Астарлы ойды табады; | 1 | |
| | Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтайды; | 2 | |
| | Ойын дәлелдейді. | 2 | |
| 8 | Берілген өлең жолдары арқылы автор бейнесін анықтайды; | 2 | |
| | Автордың ішкі сезім, толғанысын көрсетеді; | 2 | |
| | Өз ойын дәлелдейді. | 1 | |
| 9 | Кейіпкер әрекетіне талдау жасап, өзіндік баға береді; | 2 | 10 |
| | Көзқарасын дәлелдейді; | 2 | |
| | Шығарманың көркемдік құндылығын анықтайды; | 2 | |
| | Логикалық қорытынды жасайды | 2 | |
| | мәтін құрылымын сақтайды. | 2 | |

## II ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**«Қазақтың Қанышы» бөлімі бойынша жинытық бағалау**

**Оқу мақсаты** 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіперлер жүйесін жинақтау мен даралау
10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*
*-шығармадағы образдар жүйесін салыстырып, кейіпкерлер бейнесін анықтайды*
*-шығарманың композициялық ерекшелігін ажыратады*

**Ойлау дағдыларының деңгейі** *жоғары деңгей дағдылары*

**Орындау уақыты** 20-25мин

**Тапсырма:**

1. М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінде Қаныштың дүниеге келуі туралы қандай ақпарат айтылатынын анықтаңыз. Ойыңызды 4-5 сөйлеммен дәлелдеп жазыңыз.
2. Роман-эсседегі Қаныштың мінезіне қатысты 2-3 мысал келтіріңіз, дәлелдеңіз.
3. «Қашаған құлын қасқырға алғызбайды» бөліміндегі негізгі оқиғаларды 5-6 сөйлеммен талдап жазыңыз.

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Шығармадағы негізгі ақпаратты анықтап, мысалдармен дәлелдеп жазады | 1 | Кейіпкердің дүниеге келуіне қатысты ақпаратты анықтайды | 1 |
| | | Шығармадан мысалмен ойын дәлелдейді | 1 |
| | | Сөйлем санын сақтайды | 1 |
| | 2 | Басты кейіпкердің мінезін анықтайды | 1 |
| | | Шығармадан мысал келтіреді | 1 |
| Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме жазады | 3 | Бөлімнің негізі оқиғаларын анықтайды | 1 |
| | | Ойын дәлелдейді | 1 |
| **Барлығы:** | | | **7** |

## ІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Қазақтың Қанышы» бөлімі бойынша жинытық бағалау

**Оқу мақсаты** 10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*
*-шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды,*
*-шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына пікір білдіреді*

**Ойлау дағдыларының деңгейі** *жоғары деңгей дағдылары*

**Орындау уақыты** 20мин

**Тапсырма:**

М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінің «Сөдия мен профессор» бөліміндегі Қаныштың әрекетінің тарихи және көркемдік маңызын анықтаңыз. Өз ойыңызбен байланыстырып, 4мысал келтіре отырып, пікіріңізді білдіріңіз.

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| *шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, пікір білдіреді* | 1 | Тарихи маңыздылығын талдайды | 1 |
| | | Көркемдік ерекшелігін анықтайды | 1 |
| | | Өз ойымен байланыстырады | 1 |
| | | Өз ойын дәлелдейді | 1 |
| | | Шығармадан мысал келтіреді | 1 |
| | | Мысал санын сақтайды | 1 |
| | | Пікірін білдіреді | 1 |
| **Барлығы:** | | | **7** |

## 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы – 40 минут**

Түсіну және жауап беру – 10 минут Анализ және интерпретация – 10 минут Бағалау және салыстыру – 20 минут

**Балл саны – 30**

**Тапсырмалар түрлері:**

Таңдауды қажет ететін сұрақтар
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – түсіну және жауап беру, екінші бөлім – анализ және интерпретация, үшіншісі – бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| ***Тапсырма** | **Қамтылатын мақсаттар** | **Тапсырма түрлері** | ***Тапсырмалар сипаттамасы** | ***Орындау уақыты, минут** | **Балл** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-5 | 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;<br>10.1.2.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну. | Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 5 |
| 6-8 | 10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;<br>10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау. | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 15 |
| 9 | 10.3.4.1 ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, шығармаға әдеби сын жазу. | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Берілген тақырыпқа өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады. | 20 | 10 |
| **Барлығы** | | | | **40 минут** | **30** |

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау**

**тапсырмалары 1-БӨЛІМ**

1) Қаныштың азан шақырып қойған абыз кім?
A) Ғабдулғазиз
B) Ғабдулғани
C) Қожағұлұлы
D) Құрмантай

[1]

2. Қаныш Сәтбаевтың әкесі төсек жаңғыртқан жыл?
A) 1890
B) 1899
C) 1896
D) 1882

[1]

3. Оқуын ары қарай тереңдетіп, ағылшын тілін үйренуге талпынған Қаныштың арманы орындалмай елге қайтуына не себеп болды?
A) Ақпан төңкерісінің дүмпуі
B) Оқуын жалғастыратын арнайы мамандардың табылмағаны C) Ата-анасының өтініші
D) Денсаулығының сыр беріп, шұғыл емдеу қажеттігі

[1]

4. Қаныштың отбасына қатысты кейіпкерлерді көрсетіңіз. A) Нұрым, Шорман, Садуақас, Нұрғали
B) Әлима, Имантай, Бөкеш, Шәрипа
C) Имантай, Жүсіпбек, Ғазиз, Қайнекей
D) Әбікей, Таисия, Фатима, Жақып

[1]

5. Қаныштың үйленгені туралы қай бөлімде айтылған?
A) «Тура биде туған жоқ»
Ә) «Қашаған құлын қасқырға алғызбайды»
B) «Кенжетай»
D) «Сөдия мен профессор»

[1]

**2-БӨЛІМ**

6. «Қазақтың Қанышы» роман-эссесіндегі басты кейіпкерлер бейнесіне талдау жасаңыз. Пікіріңізді мысалдармен дәлелдеңіз.

______________________________________________________________

______________________________________________________________

[5]

7. Медеу Сәрсекенің Қаныш Сәтбаев туралы еңбегінің композициялық ерекшелігіне талдау жасаңыз.

______________________________________________________________

______________________________________________________________

[5]

8. Би атам сол күннің өзінде: «Менің осы балам не сөз ұқпайтын маубас болады, не болмаса елден асқан данышпан болады. Бас бітімі елден ерекше зор жаралған дейтін-ді». Би атаның бұл пікіріне қатысты өз ойыңызды білдіріңіз.

______________________________________________________________

______________________________________________________________

[5]

**3-БӨЛІМ**

9. Берілген әдеби сын-пікірге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазыңыз.

*«...Жақсы шығарма – жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңайтады. Жаңа шығармаларды әркез оқуға уақыт табамын. «ЖЗЛ» сериясымен шыққан Медеу Сәрсекенің Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетов жайлы терең зерттеуден туған кітабын сүйсіне оқыдым. Соңғы екі шығарма кәнігі металлург ретінде маған жаныма ерекше жақын»* - деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жазушы М.Сәрсекенің шығармашылығына пікір білдірген. Қаныш Сәтбаевтың тұлғалық тұғырын биіктете түсетін шығармалары Медеу Сәрсеке өмірінің өзегіне айналғандай. «Қазақтың Қанышы» романына жазған аңдатпа сөзінде Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Ұлтымыздың ұлы перзентін ұлықтаудың тамаша үлгісі осындай-ақ болар...» дегенін Медеу Сапаұлының Сәтбаев тұлғасын әспеттеуіне берілген әділ баға ретінде бағалаймыз.

Ерзат ЖАНАТҰЛЫ

______________________________________________________________

______________________________________________________________

[10]

## Балл қою кестесі

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпараттар |
|---|---|---|---|
| 1 | Д | 1 | 5 |
| 2 | A | 1 | |
| 3 | D | 1 | |
| 4 | B | 1 | |
| 5 | A | 1 | |
| 6 | Кейіпкер бейнесін анықтайды; | 2 | 15 |
| | Мысалдармен дәлелдейді; | 2 | |
| | Өзіндік қорытынды жасайды. | 1 | |
| 7 | Композициялық ерекшелігін талдайды; | 2 | |
| | Мысалдармен дәлелдейді; | 2 | |
| | Өзіндік баға береді. | 1 | |
| 8 | Кейіпкер әрекетін көрсетеді; | 2 | |
| | Өз көзқарасын білдіреді; | 2 | |
| | Түйін жасайды; | 1 | |
| 9 | Берілген сыни пікірді негізге алады; | 2 | 10 |
| | Өзіндік көзқарасын, сыни пікірін танытады; | 2 | |
| | Ойын мысалдармен дәлелдейді; | 2 | |
| | Логикалық қорытынды жасайды; | 2 | |
| | Сыни-пікірдің стилін сақтайды. | 2 | |

## III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Парасат пайымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты:**
10.1.1.1. әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну.
10.2.3.1. шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жазу.

**Бағалау критерийі:**
**Білім алушы:**
- Шығарманың сюжеттік құрылымы арқылы идеясын анықтайды.
- Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме жазады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану.

**Орындау уақыты:** 20 минут.
**Тапсырма.**
1. **А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесінің композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау.**

→ **Әңгіменің тақырыбы:** ____________________________________
→ **Әңгіменің авторы:** ____________________________________
→ **Жанр түрі:** ____________________________________
→ **Әңгімедегі кейіпкерлер:** ____________________________________
→ **Жазушы идеясы:** ____________________________________
____________________________________
→ **Әңгіменің басталуы:** ____________________________________
____________________________________
→ **Әңгіменің байланысуы:** ____________________________________
____________________________________
→ **Әңгіменің шиеленісуі:** ____________________________________
→ **Әңгіменің дамуы:** ____________________________________
____________________________________
→ **Әңгіменің шарықтау шегі:** ____________________________________
____________________________________
→ **Әңгіменің шешімі:** ____________________________________
____________________________________

2. **А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесінің желісіне сүйене отырып, кейіпкелеріне мінездеме беріңіз.**

| Кейіпкерлер | Шығармадан эпизодтар | Өзіндік ойыңыз |
|---|---|---|
| Кенжебек | | |
| Тасқұл | | |
| Құлпейіс | | |

**Бағалау критерийі**

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Шығарманың сюжеттік құрылымы арқылы идеясын анықтайды | 1 | Әңгіменің басталуын анықтайды | 1 |
| | | Басты оқиғаға түрткі болған оқиғаны (байланысын) анықтайды | 1 |
| | | Басты оқиғаны, оқиғаның дамыған сәтін (шиеленісін) табады | 1 |
| | | Оқиғаның шегіне жеткен тұсын (шарықтау шегін) анықтайды | 2 |
| | | Оқиғаның шешімін табады | 2 |
| Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме жазады | 2 | Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме жазады | 3 |
| | | Өз ойымен байланыстырады | 3 |
| **Барлығы:** | | | **13** |

**3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**
**«Парасат пайымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Оқу мақсаты:**
10.3.3.1. шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, мазмұны бойынша жоспар құру.
10.3.3.2. шығармада кездесетін жер атауларының (Бөрілі, Аюлы, Шыршалы т.б.) ерекшеліктерін анықтап, мәлімет жазу.

**Бағалау критерийі:**

**Білім алушы:**
- шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, мазмұны бойынша жоспар құрайды.
- шығармада кездесетін жер атауларының (Бөрілі, Аюлы, Шыршалы т.б.) ерекшеліктерін анықтап, мәлімет жазады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты:** 20 минут.

**Тапсырма.**

1. **Т.Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» әңгімесінің идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, мазмұны бойынша жоспар құрыңдар.**

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

2. **Шығармада кездесетін жер атауларының (Бөрілі, Аюлы, Шыршалы ) ерекшеліктерін анықтап, мәлімет жазыңыз.**

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## Бағалау критерийі

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, мазмұны бойынша жоспар құрайды. | 1 | Шығармада көтерілген адамгершілік құндылықтарды анықтайды | 2 |
| | | Шығарманың идеясын анықтайды | 2 |
| | | Автор шеберлігіне баға береді | 1 |
| Шығармада кездесетін жер атауларының (Бөрілі, Аюлы, Шыршалы т.б.) ерекшеліктерін анықтап, мәлімет жазады. | 2 | Жер атаулары туралы мәліметтер жазады. Бұл жерлер несімен ерекшеленетіндерін дәлелдейді | 2 |
| **Барлығы:** | | | **7** |

## 3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАСЫ
### Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы – 40 минут**

Түсіну және жауап беру – 10 минут
Анализ және интерпретация – 10 минут
Бағалау және салыстыру – 20 минут

**Балл саны – 30**

**Тапсырмалар түрлері:**

Таңдауды қажет ететін сұрақтар
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – түсіну және жауап беру, екінші бөлім – анализ және интерпретация, үшіншісі – бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| *Тапсыр ма | Қамтылатын мақсаттар | Тапсырма түрлері | *Тапсырмалар сипаттамасы | *Орындау уақыты, минут | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-5 | 10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;<br>10.1.3.1 көркем шығармада ғы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;<br>10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру. | Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 5 |
| 6-8 | 10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;<br>10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау;<br>10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. | Толық жауап ты қажет ететін сұрақ тар | Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 15 |
| 9 | 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру. | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Берілген тақырыпқа көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады. | 20 | 10 |
| **Барлығы** | | | | **40 минут** | **30** |

## III ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### 1-бөлім

**1. А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесіндегі оқиға немен аяқталады?**

А) Тұлпары Қыпшақбоз өлгенде құрмет көрсетілуімен
В) Шаштының ата-анасымен қауышуымен
С) Шашты есімінің қойылуы, сәуегейдің жорамалымен
Д) Тасқұлдың азаттық алып еліне қайтуымен

[1]

**2. Тасқұлдың Кенжебекті құтқаруына не себеп болды?**

А) Кенжебекті аяды, күндіз-түні жұмысқа салғанын көргісі келмеді
В) Олардың ата-анасына сөз бергені есіне түсті
С) Өзінің тағдырын қайталамауын қалады
Д) Тасқұл Кенжебекті құтқармады, ол өзі қашып кетті

[1]

**3. Т.Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» шығармасындағы профессорға қатысты ақпараттарды анықтаңыз.**

А) Көздермен сырласады, өте өжет, есімі – Жоңғаров, лабораториясы бар
В) Сыпайы, көп сөйлегенді ұнатпайды, білімді, био-физик, үйінде қызы бар
С) Есімі – Созақов, редакциядағы профессор, Сәуле деген механикалық адам бар
Д) Ғалым, мейірімді, парасатты, көздер дүниесін басқарушы, Сәуле деген ассистенті бар

[1]

**4. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңіндегі ұлттық құндылық көрінісін көрсетіңіз.**

А) Ілінбеу үшін елдік, бірлік керек
Ешқашан енді ешкімнің қармағына
В) Мәнге ие сәттерің көп елде өтетін,
Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін...
С) Бөленіп онда бәрің байлық, баққа,
Тіпті ие болсаңдар да атақ, даңққа,
Д) Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,

[1]

**5. «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің идеясына сәйкес келетін мақалды көрсетіңіз.**

А) Ел болам десең, бесігіңді түзе
В) Жаңбыр жауса, жер ырысы,
Батыр туса, ел ырысы.
С) Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас
Д) Сабыр түбі – сары алтын

[1]

**2-бөлім**

**6.** «Шашты» шығармасында автор қазақтар мен түрікмендерді қандай образда суреттейді.




[5]

**7. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген қандастарға» арналған өлеңінің композициялық ерекшелігіне талдау жасаңыз.**

Шетелге кетсеңдер де бауыр басып,
Құтты орын тепсендер де ауырласып,
Атажұрт шақырады тұқымым деп,
Құшағын байтақ дала, тауың да ашып.

Бөленіп онда бәрің байлық, баққа,
Тіпті ие болсаңдар да атақ, даңққа,
Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,
Бұрыңдар көшті атамекен жаққа.

Қазағың жетті ежелгі арманына,
Жағдайдың қарамаңдар бар, жоғына,
Ілінбеу үшін елдік бірлік керек
Ешқашан енді ешкімнің қармағына.

Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,
Қожа боп өз жеріңде өз еліңе
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

Астында өз аспаның, өз туыңның,
Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның,
Қандастар қапы қалма, орны бөлек
Күнде өз әнұраныңмен оянудың.

Мәнге ие сәттерің көп елде өтетін,
Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін.
Бәріміз ұйымдасып көркейтейік
Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін.

**1. Авторы:** ____________________________________________________
**2. Тақырыбы:** __________________________________________________
**3. Жанр түрі:** __________________________________________________
**4. Идеясы:** ____________________________________________________
________________________________________________________________
**5. Шумақ:** _____________________________________________________
**6. Тармақ:** ____________________________________________________
**7. Бунақ:** _____________________________________________________
**8. Буын саны:** _________________________________________________
**9. Ұйқас түрі:** _________________________________________________
**10. Әдеби теориялық ұғымдар:**
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

**11. Сөздікпен жұмыс:**
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

**12. Өлеңнің тәрбиелік мәні:**
________________________________________________________________
________________________________________________________________

[5]

8. «Көшпелі алтын» фантастикалық әңгімесінің әлем әдебиетімен үндестігін байланыстырыңыз. Шығармадан келтірілген үзінділерге өз пікіріңіз бен көзқарасыңызды дәлелдеңіз,

| **Қазақ әдебиеті** | **Әлем әдебиеті** |
|---|---|
| **Үндестігі:** | |
| **Шығармадан үзінді** | **Өз көзқарасыңыз** |
| 1. .. Ол түнде ұйықтап жатса, үйіне көшпелі алтын кіріпті. Ол жалма-жан тұрып, алтынды қумақ болады. Сөйтсе, алтын | |

| | |
|---|---|
| «аяғын» сытыр-сытыр « басып» кірген есігінен қайта шығып кетіпті. Жігіт артынан қуа шығады... ,<br>2. «Көшпелі алтындар» бірінен соң бірі қаздай тізіліп үлкен жартастыбеттеп барады екен. Алдыңғылары тасқа жете бергенде сатыр-күтір дыбыс естілді де, сол маңай түгел қопарылып түсті... | |

[5]

## 3-БӨЛІМ

**9.** Оразақын Асқардың шетте жүрген қандастарымызға арналған өлеңіне сүйене отырып (Біртұтас ел болуымыз үшін әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып жатқан қазақтың басын қосып, бір шаңырақ астына жиналуы керек.), көтерілген мәселенің жаңашылдығына баға бере отырып, өз пікіріңізді үндеу хат ретінде білдіріңіз.

[10]

**Балл қою кестесі**

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпараттар |
|---|---|---|---|
| **1** | А | 1 | **5** |
| **2** | С | 1 | |
| **3** | Д | 1 | |
| **4** | В | 1 | |
| **5** | С | 1 | |
| **6** | Қазақ бейнесін ашады | 2 | **15** |
| | Автор бейнесін анықтайды | 2 | |
| | Өзіндік тұжырым жасайды | 1 | |
| **7** | Өлеңнің композициялық ерекшелігіне талдау жасайды | 2 | |
| | Автордың стилін анықтайды | 2 | |
| | Түйін жасайды | 1 | |
| **8** | Өз көзқарасын білдіреді | 2 | |
| | Мысалдар келтіреді | 3 | |
| **9** | Шығарманың жаңашылдығын талдайды | 2 | **10** |
| | Басқа мәліметтермен байланыстырады | 2 | |
| | Өзіндік ой-пікірін білдіреді | 2 | |
| | Қорытынды жасайды | 2 | |
| | Хат құрылымын сақтайды | 2 | |
| **Барлығы:** | | | **30** |

## 4 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Тарих тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты:** 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау

және даралау

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*
Кейіпкерлердің ерекшеліктері мен типтік образдарды анықтайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты** 20 минут

**Тапсырмалар:**

1. Құрамысов пен Ивановты салыстырыңдар. Жазушы кейіпкерлер бейнесін қалай ашқан?

| **Құрамысов** | **Иванов** |
|---|---|
| | |

*2.* Бір үзім нан сұрап, кеңсесінің алдын торыған аш адамдарға Голощекин қандай сыңай танытты. Осы әрекетінен оған қандай баға бересіз? Ойыңызды деректі фильммен байланыстыра отырып, Голощекиннің шынайы бейнесі арқылы дәлелдеңіз.

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Көтерілген мәселені анықтап, шығармашылық жұмыс жазады | 1 | кейіпкерлерді ерекшеліктеріне сай топтастырады. | **1** |
| | | көзқарасын білдіріп, дәлелдейді. | **2** |
| | 2 | берілген ойды ашып жазады; | **1** |
| | | үзіндідегі ақпаратты қолданады; | **1** |
| | | ойын тұжырымдайды | **1** |
| | | | **7** |

## 4 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Тарих тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Оқу мақсаты:** 10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау

10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

-Әдеби шығарманы композициялық ерекшеліктерін анықтайды

-Көркемдегіш құралдардың қолданылу мақсатын анықтайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты** 20 минут

**Тапсырмалар:**

1. Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасындағы пролог пен эпилогқа талдау жүргізіңіз.

| | Шығарма сюжетін жеткізудегі маңызы | Шығармадағы мәселелерді жеткізудегі маңызы | Шығарма идеясын жеткізудегі маңызы |
|---|---|---|---|
| Пролог | | | |
| Эпилог | | | |

2. Ж. Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасында қолданылған көркемдегіш құралдарды іріктеп жазыңыз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды | 1 | пролог пен эпилогтің шығарманың сюжетіне ықпалын анықтайды; | **1** |
| | | пролог пен эпилогтің шығармада көтерілген мәселелерді жеткізудегі маңызын көрсетеді; | **2** |
| | | пролог пен эпилогтің шығарма идеясын жеткізудегі маңызын көрсетеді. | **1** |
| шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдайды | 2 | үзіндідегі көркемдегіш құралдарды жазады; | **1** |
| | | түрлеріне қарай жіктейді; | **1** |
| | | қолданысына пікір білдіреді. | **1** |
| | | | **7** |

## 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ
### Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы – 40 минут**
Түсіну және жауап беру – 10 минут
Анализ және интерпретация – 10 минут
Бағалау және салыстыру – 20 минут
**Балл саны – 30**

**Тапсырмалар түрлері:**
Таңдауды қажет ететін сұрақтар
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**
Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – түсіну және жауап беру, екінші бөлім – анализ және интерпретация, үшіншісі – бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

**Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| **Тапсырма** | **Қамтылатын мақсаттар** | **Тапсырма түрлері** | **Тапсырмалар сипаттамасы** | **Орындау уақыты, минут** | **Балл** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-5 | 10.1.2.1әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; 10.1.4.1көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану. | Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 5 |
| 6-8 | 10.2.1.1әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орнымен қызметін талдау. | Толық жауапты қажет ететін сұрақ тар | Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. | 10 | 15 |
| 9 | 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Берілген тақырыпқа өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады. | 20 | 10 |
| **Барлығы** | | | | **40 минут** | **30** |

## IV ТОҚСАН БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### I-БӨЛІМ

1. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман». Қай кейіпкердің сөзі?
   A) Рысқұлов
   B) Голощекин
   C) Исаев
   D) Құрамысов

[1]

2. Голощекин (әуелі тұтығып). А-а-ау, л-л-либерализмнің ш-шегі болмаушы ма е-е-еді! Бұл не, Иванов?! Ау, бұл бізді қайдағы бір қаныпезер деспоттар мен тирандарға теңеді ғой! Соны да түсінбедіңдер ме?!
   Үзіндіде Голощекин қандай оқиғаға байланысты ашуға булықты?
   A) МүсіреповтыңКрайкомның іссапарымен, ұжымдастыру науқанын бақылау мақсатымен өңірлерді аралау кезі туралы жайып салғанда.
   B) Бір үзім нан сұрап, оның кеңсесінің алдында сұлап жатқандардың үстінен аттап - бұттап өткенін айтқанда.
   C) Ғабиттің «Біз халық қырылып жатқандықтан атыламыз. Ал сендер халық қайта тіріліп кеткендіктен атыласыңдар!» деген жан айқайын естігенде.
   D) Римнің баяғы императорлары Нерон мен Калигуланың «диалектикасы» жөнінде сөз қозғалғанда.

[1]

3. «Қарой бір уыс топырақ» сөзі қай тұлғаға қатысты айтылған?
   A) Махамбет
   B) Исатай
   C) Абылай
   D) Абай

[1]

4. Жәркен Бөдеш «Жалғыз» поэмасының кіріспесінде қай жануар туралы айтылады?
   A) Арыстан
   B) Киік
   C) Қасқыр
   D) Арқар [1]

5. «Жалғыз» поэмасында есімі кездескен қазақтың батырлары?
   A) Баян Батыр
   B) Бауыржан Момышұлы
   C) Махамбет Өтемісұлы
   D) Барлық жауаптары дұрыс [1]

**2-БӨЛІМ**

6. Ш. Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасының кейіпкерлерін өмірлік мақсаттары мен ұстанымдары тұрғысынан топтастырыңыз.

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

[5]

7. *Ж.Бөдештің «Жалғыз» поэмасынан алынған үзіндіні оқып, автордың шығармада көтерілген мәселеге қатысты қарым-қатынасын анықтаңыз.*

Жалғыздықтың азабын Шәкәрімдей тартқан кім?
Жалғыз құдық түбінде жалғыз қурап жатқан кім?
Жалғыз таудың қуысын қысы-жазы паналап,
Жалғыз балға. Төрт тағa.
Жалғыз атын тағалап.
Тобылғы сап, жез бунақ, жалғыз қамшы сабалап...
Жалғыз қыстау. Жалғыз меңіреу тас үйде:
Жалғыз шырақ. Жалғыз төсек. Жалғыз жастық.
Жалғыз Құран. Жалғыз құман. Жалғыз шаршы жайнамаз.
Бес намазын оқиды. Күңіреніп білікті ұл,
Тыңдайды оны сай-сала,
Орман тоғай, Тымық қыр.
Жалғыз жарлы ас үйде:
Жалғыз ошақ. Жалғыз қазан.
Жалғыз шөміш. Жалғыз көсеу.
Жалғыз табақ. Жалғыз кесе.
Жалғыз қасық. Жалғыз шәугім.
Бәрі-бәрі жалғыздан.
Жалғыз жүрек. Жалғыз қалам.
Жалғыз жан. Тас қораның сыртында:
Төңкерілген итаяқ.
Жалғыз боран. Жалғыз бөрі ұлып тұр.
Емен есік күзеткен жалғыз шойын құлып-құл...
Босағада мөңірейді іші қуыс тұлып құр.
Ағаш науа ішінде қатып қалған тұнық су.
Қатып қалған сіресіп жалғыз қайың құрық тұл.
Беу, жалғыздық әлемі, беу жалғыздық әлемі.
Ғұламаға ғұмырлы жарасқаның әдемі...
Жалғыздықтан қорқады обыр, жемқор,
Топшыл, құзғын, күшіген.
Жалғыздықты – даралық, даналық деп түсінем.
Тағдырлар бар сан алуан, ішінде құла, аласы.
Жалғыздықтан жаралған адамзаттың баласы.
Данасы мен дарасын мәрмәр тасқа қашайды ел.
О, жалғыздық, жасай гөр, о, жалғыздық, жасай бер!

[5]

8. «Жалғыздықты» сипаттаудағы ақынның стильдік ерекшелігіне баға беріңіз. Шығармадағы автор бейнесінің көрінісін талдаңыз.

[5]

**3-БӨЛІМ**

9. Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасының негізінде жаңа дәуір ұрпағының атынан Ғ.Мүсіреповке өлең / хат жазыңыз.

[10]

## Балл қою кестесі

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпараттар |
|---|---|---|---|
| 1 | D | 1 | 5 |
| 2 | D | 1 | |
| 3 | A | 1 | |
| 4 | D | 1 | |
| 5 | D | 1 | |
| 6 | Кейіпкерлердің ерекшеліктері мен типтік образдарды анықтайды | 2 | 15 |
| | Кейіпкерлерді ерекшеліктеріне сай топтастырады | 2 | |
| | Өз көзқарасын білдіреді. | 1 | |
| 7 | Шығармада көтерілген мәселені анықтайды; | 2 | |
| | Мәселеге қатысты автордың көзқарасын анықтайды. | 2 | |
| | Шығарма оқиғасындағы автор бейнесін анықтайды | 1 | |
| 8 | Ақынның стильдік ерекшелігіне баға береді; | 2 | |
| | Автор бейнесін талдайды; | 2 | |
| | Өз ойын дәлелдейді. | 1 | |
| 9 | Жаңа заман өкілінің рөлінде жазады; | 5 | 10 |
| | Ойын шығармашылықпен жеткізеді | 5 | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |